#ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

*Еліміздің саяси жаңғыруы – кері қайтпайтын үдеріс. Біздің стратегиялық мақсатымыз – халық пен биліктің ұйысқан түрдегі ұстанымы бойынша шешім шығаратын әділетті мемлекет құру.*

***Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті***

# Шарайна

6+

Газет 1990 жылғы 4 маусымнан шығады

Жұма, 10 наурыз 2023 жыл

№9 (2558)

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

## Медициналық мекемелердің жайы жан-жақты сөз болды

Әлеуметтік желілерде жиі талқыланатын медициналық мекемелердің жайын өз көздерімен көріп, мәселенің анық-қанығын білу үшін Қоғамдық кеңес мүшелері өткен айда қаламыздағы бірқатар емдеу мекемелерін аралаған болатын.

→ 2

КУЛЬТУРА

## МУЗЫКАНТЫ, НО НЕ «БРЕМЕНСКИЕ»

Даниил Сусляков называет себя уличным музыкантом. Летом его можно было увидеть возле ТД «Орда», «Универсам», где он под гитару исполнял песни и музыкальные композиции. Он студент ЖПТК. Ему 18 лет. Выступает на протяжении пяти лет в городе.

→ 3



ӘЛЕУМЕТ




Бейтаныс жанды жолықтырса «Қай туған боласың, руың кім?» деп жөн сұрасады. Сондайда серігің «Осы ру сұрағанды қойыңдаршы! Жек көретін нәрсем. Қазақ екенімді көріп тұрсың, болды емес пе?!» деп тоң-теріс мінез танытып жатса жер боларыңыз да сөзсіз. Ал ондайды айтатын жандар арамызда жоқ дей алмаймын.

→ 4

СОТ ЗАЛЫНАН

## АШУ – ДҰШПАН

Масаңдау біреуі жақындап келген одан айқайлап темекі сұрайды. «Жоқ» деген жауапқа қанағаттанбаған төртеу Ж.-ны боқтап, ауыздарына келгенді айта бастайды.

→ 8



ТАБЫСТЫ ОТБАСЫ

# 26 ТҮЛЕК 150 АЕК КӨЛЕМІНДЕ ЖАБДЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ ГРАНТЫН АЛДЫ

Ұлытау облысының тұрғындары «Самрұқ-Қазына» қорының «Табысты отбасы» әлеуметтік жобасының арқасында жаңа мамандықтарды игеруде.

→ 8

ӘКІМ

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІН БАҒАМДАДЫ

Өткен аптаның соңында қала әкімі Шапағат Әубәкір қалаішілік қоғамдық көліктердің жағдайымен танысып, жұмыс барысын бағамдады.

Орайы келгенде айта кетейік, бүгінгі күні кеншілер қаласында екі тасымалдаушы мекеме тұрғындарға қоғамдық тасымалдау қызметін көрсетеді. Шаһар басшысы осы екі мердігер мекеменің көліктеріне отырып, жол бойы қала тұрғындарымен пікірлесті.

Түске дейін «Қожахметов» жеке кәсіпкерлігінің №№9,14,12-маршруттары бойынша жүретін автобустарына мінсе, түстен кейін «НұрТрансСәт» ЖШС қарасты №10-маршруттың автобусымен жүріп өтті.

Нәтижесінде, №10-маршрут аялдамаға белгіленген уақыттан кешігіп келді. Таңертеңгі уақытқа қарағанда, түстен кейін автобуста жолаушылардың көптігі байқалды.

Жолаушылармен болған пікірлесу барысында тұрғындар қала басшысына қаладағы автобустар санын көбейту туралы өтініштерін жеткізді.

Қалаішілік қоғамдық көліктердің қызметін жақсарту, жолаушылар үшін қолайлы жағдай тудыру мақсатында қаламызда қоғамдық көліктерде онлайн төлем мәселесі де қарастырылуда. Мұны жүргіншілер де дұрыс қабылдап отыр.



Сапар соңында қала әкімі Шапағат Әубәкір тұрғындар тарапынан айтылған барлық ескертулерге орай осы рейдке қатысқан қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автклөлік жолдары бөлімі басшысының орынбасары Әшім Мұхамбеталиге қадау-қадау тапсырмалар берді.

**Аманкелді АҚШАЛ.**

ҚҰРМЕТ

## ШҰҒЫЛАЛЫ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ




Қаламыздың көркеюі мен дамуына үлес қосып, әр салада табысты еңбек етіп жүрген бір топ ана қала әкімі Шапағат Әубәкірдің құрметіне ие болды. «Бақдәулет» мейрамханасында өткен салтанатты шара гүл шоқтарын табыстаудан басталды.

Төрден орын алған қыз-келіншектердің бірі өз кәсібін ашып, бірі өндіріс орнында жұмыс істесе, енді бірі мемлекетке қызмет етуде. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы, медицина және білім сияқты басқа да салалардың дамуына атсалысуда.

– Барлықтарыңызға тән бір асыл қасиет бар. Ол — өмірді жақсартып, әлемді әдемі етуге деген құштарлық. Бұл — тек сіздердің қолдарыңыздан ғана келеді. Бүкіл әлемді тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер. Сіздердің ел дамуы жолындағы ерен еңбектеріңізге ризашылығымды білдіре отырып, көктемнің шұғылалы мерекесімен құттықтаймын. Бүгін қоғамның барлық саласында ерлермен иық тірестіре еңбек етіп жүрген аяулы аналарға шынайы алғысымды білдіремін, – деген қала басшысы әйелдер қауымының қоғамдағы мәртебесі мен маңызына тоқталды.

Салтанатты жиын барысында танымал эстрада жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздар мерекелік көңіл-күй сыйлап, аяулы жандарға әсем әндерін арнады. Қатысушылардың барлығына қала әкімінің арнайы сыйлықтары табысталды.

**Мейрамгүл САЯЖАН.**
**Сурет автордікі.**

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

## БАРЛЫҚ ҚҰРМЕТ – АНАЛАРҒА

Тамылжыған көктемнің ең бір жарқын, шуаққа толы 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осынау жарқын мейрамның барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің басында келуі – жақсылықтың нышаны болса керек. Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісіндей. Бұл – отбасы берекесі мен ұйытқысы болып табылатын көрікті де келбетті асыл аналарымыз бен қыз-келіншектерімізге жарқын көңіл мен жақсылық тілейтін күн.

Жер-дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш ететін көктемнің шырайлы мерекесі қарсаңында Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында жылдағы дәстүр бойынша бар тіршіліктің тұтқасын ұстап тұрған ардақты аналарымыз бен сұлу қыздарымызға арналған салтанатты жиын өтті. Айтулы мейрам барысында сүйікті қаламыздың қалыптасуына, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өміріне өлшеусіз үлес қосқан нәзік жанды арулар қауымы ұлықталды.

Әйел қуанышы – әр үйдің, отбасының, Отанның берекесі мен мерейі. Бүгінгі мереке – халықтың ар-ожданы, ізгіліктің және дархан көңілдің көрінісі болып келетін аяулы әйелдерге деген шынайы құрмет белгісі. Әр шаңырақты шаттыққа бөлейтін аналар мен қыз-келіншектерге Сәтбаев қаласының әкімі Шапағат Әубәкір жылы лебізін жолдап, іс-шараның шымылдығын құттықтау сөзімен ашты.

→ 8



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

# МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖАЙЫ ЖАН-ЖАҚТЫ СӨЗ БОЛДЫ

Жуырда қалалық әкімдіктің мәжіліс залында Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда қаламыздағы медициналық мекемелердің жайы жан-жақты сөз болды.



Оқырмандарымызға түсінікті болу үшін айта кетейік, әлеуметтік желілерде жиі талқыланатын медициналық мекемелердің жайын өз көздерімен көріп, мәселенің анық-қанығын білу үшін Қоғамдық кеңес мүшелері өткен айда қаламыздағы бірқатар емдеу мекемелерін аралаған болатын. Рейд барысында көптеген келеңсіздіктердің беті ашылып, Қоғамдық кеңес облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының атына хат жолдап, кеншілер қаласындағы медициналық мекемелерде орын алған жағдайларды жіпке тізіп жіберген еді. Жуырда өткен кеңес отырысында сол мәселер қызу талқыланды. Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан қойылған сұрақтарға аталмыш басқарманың емдеу-профилактикалық қызметті дамыту және үйлестіру басқармасының басшысы Марфуга ЕМБЕРГЕНОВА жауап берді.

**– Жедел жәрдем станциясы, емхана, орталық аурухана мекемелерін медициналық кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі қалай шешілетін болады? Жоғарғы оқу орындарымен келісім бар ма, әлеуметтік пакет мәселесі шешілді ме?**

– Облыстық жедел жәрдемге қарасты Сәтбаев подстанциясына 5 маман қажет. Оның ішінде 1 – қосалқы станция меңгерушісі, 4 – дәрігер. 2023 жылы резидентураны бітіргеннен кейін С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінен 3 резидент дәрігер келуі керек (реаниматолог-анестезиолог – 2, акушер-гинеколог – 1) .

Enbek.kz сайтында үнемі бос жұмыс орындарын көрсетеміз. Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту орталығына бос орынға өтінім береміз, медициналық университеттердің бос жұмыс орындарының жәрмеңкелеріне қатысамыз, медициналық университеттермен хат алмасамыз, сондай-ақ Қарағанды, Астана және Томск қалаларының медициналық университеттерінің студенттері ауруханаының базасында өндірістік практикадан өтеді.

Бүгінгі таңда облыстық бюджет есебінен 2023-2025 жылдарға еліміздің түрлі жоғары оқу орындарында 66 резидентті оқыту жоспарланған. Жас мамандар үшін қала әкімшілігімен бірлесіп әлеуметтік пакет және тұрғын үймен қамтамасыз ету қарастырылған.

**– Сәтбаев қаласында жедел жәрдем машиналары үшін 7 гараж және жылжымалы емхана кешендерін сатып алу қалай жүзеге асырылмақ?**

– «Қазақмыс» бас жобалау институты 10 жедел жәрдем көлігі мен оған кіреберістерге арналған гаражға жобалық-сметалық құжат әзірледі. Қазіргі уақытта ЖСҚ мемлекеттік сараптамамен қарау сатысында тұр.

Мемлекеттік сараптама мерзімі – 45 күн (сәуір).

Конкурсты өткізу мерзімі – 45 күн.

Құрылыстың басталуы – маусым айы.

Жобаның аяқталуы – 2023 жылдың желтоқсаны.

**– Емханада арнаулы мамандардың тұрғындарды қабылдауын ұйымдастыру, тексерілуден және флюорографиядан өту кезінде кезектің ұзақтығына жол бермеу мәселелері қалай шешіледі?**

– Ұлытау облысының Сәтбаев қаласының емханасында арнаулы мамандар жұмыс жасап жатыр, олар: травматолог, оториноларинголог (балалар мен ересектер), аллерголог (ересектер), ревматолог, хирург (ересектер мен балалар), кардиолог (ересектер), офтальмолог (ересектер мен балалар), невропатолог (ересектер) жоспарланған кесте бойынша жұмыс атқарады.

**– Қалада травматология бөлімін ашу мәселесі қашан шешіледі?**

– Сәтбаев қаласының орталық ауруханасы базасында травматологиялық пункт салу үшін «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басшылығымен келіссөздер жүргізілуде

Қазіргі уақытта объектіні салу үшін жер учаскесін таңдау актісін дайындау жұмыстары жүргізілуде.

**– «Қазақмыс» корпорациясымен жаңа медициналық орталық салу мәселесі қалай шешілуде? Ол қай жерде және қай мерзімде салынады? Оны Шахтер даңқы алаңының ауданында орналастыруға болады ма?**

– «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басшылығы Оңтүстік Кореядан келген шетелдік компаниялармен Сәтбаев қаласында медициналық орталықтың құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және менеджмент бойынша келіссөздер жүргізуде

ЖСҚ әзірлеу – 2023 жыл.

Құрылыстың басталуы – 2024 жылдың 2-ші жарты жылдығы.

Нысанның аяқталуы – 2026 жылдың басы.

**– Орталық аурухана ғимаратын жөндеу қашан аяқталады? Ауруханадағы құрал-жабдықтарды жаңарту жоспарда бар ма?**

– Сәтбаев қаласындағы аурухананы күрделі жөндеу жүріп жатыр, нысанды аяқтау 2023 жылдың III тоқсанына жоспарланып отыр. Материалдық-техникалық база қажеттілік бойынша жарақтандырылатын болады. 2023-2025 жылдарға Жалпы сипаттағы трансферттер шеңберінде 361653,3 мың теңге сомасында және ұлттық жоба шеңберінде 199527,7 мың теңгеге сатып алу жоспарлануда.

Жоспарланған сатып алу тізімі: үшмодульді аудиометр: индукцияланған отоакустикалық эмиссия, қысқа жақты есту потенциалы (SVP) және тимпанометрия, анестезиялық ӨЖЖ операциялық бөлмелерге арналған аппарат, тыныс алу желдеткіші аппараты, өкпені жасанды желдету аппараты, керек-жарақтары бар жиынтық.

Науқас мониторы, анестетикалық тыныс алу аппараты, КЖС-анализатор, науқасты интубациялауға арналған видеоларингоскоп, керек-жарақтары мен құралдар жинағы бар бейне-эндоскопиялық жүйе, әмбебап операциялық үстел (электрогидравликалық операциялық үстел) КЖС-анализатор, электрокардиограф, 12 арналы гематологиялық анализатор, биохимиялық анализатор, ИФА анализаторлар

**– Қалалық ауруханада науқастарды тамақтандыру мәселесі қалай шешілді? 2022 жылдың соңғы 2 айында (қараша-желтоқсан) ауруханада науқастарға тамақтандыру мәселесі қандай себептен ұйымдастырылмады?**

– 2023 жылға сметаға науқастарды тамақтандыруға – 10 млн. теңге бөлінді. Қазіргі таңда 3 мезгіл тамақтандыру ұйымдастырылған (таңғы, түскі, кешкі ас).

2022 жылдың соңғы 2 айында тамақтандыру 2 мезгілде ұйымдастырылды (таңғы, түскі ас). Кредиторлық қарызға байланысты кешкі ас берілмеді.

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында осы мәселелер талқыланып, кеңес мүшелерінің ұсыныс-пікірлері есепке алынды. Сөйтіп, облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен жергілікті басқарушы органдарға арнайы ұсыныс-хаттама жіберілді. Оның орындалысы кеңес отырысында тағы қаралып, сарапталатын болады.

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**
**Сурет автордікі.**

ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТ

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ: әдеп нормалары және әдеп жөніндегі уәкіл

«Ұлт Жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» реформалық бағдарламасының 12-қадамында «Жаңа этикалық ережелерді енгізу» жайы айтылған. Бұл дегеніміз мемлекеттік қызметтің жаңа этикалық кодексін жасау. Осы мақсатта 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әдеп кодексі қабылданып, Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілгені белгілі.

Бұл Кодекс мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді және халықтың мемлекеттік қызметте органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің ұстануы тиіс мінез-құлықтарының жалпы стандарттары мен қызметтен тыс уақыттағы мінез-құқық стандарттары бекітілген. Яғни, мемлекеттік қызметшілер азаматтармен, ұжымда сөз сөйлеуде сыпайылық пен әдептілікті ұстануы қажет. Өз кезегінде, халықпен өзара қарым-қатынасының негізгі көрсеткіші мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы болады. Сондықтан, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдау, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы ретінде халықтың сұранысына бағдар ұстану талаптарын қояды.

Стандарттың екінші түрі ол – арнайы стандарттар. Олар қызметшілердің мінез-құлық ережелерін өзге жағдайларда: қызметтен тыс уақытта, әріптестер арасындағы қызметтік қатынастар, көпшілік алдында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттарын белгілейді. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануы тиіс, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Аталған талаптардың бәрін әдеп жөніндегі уәкіл назарда ұстайды. Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ, өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі функциялары консультациялық көмек көрсету, қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыру, заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды тұлғаларға қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарау туралы ұсыныммен жүгіну болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпанында №814 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясындағы талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылған сынға себепкер болмауға тиіс екендігі көрсетілді. Қазіргі таңда аталған мәселе Әдеп жөніндегі уәкілдің тікелей бақылауында және үнемі қатаң қадағалануда. Осыған орай, барлық мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыру жүктелді.

**Айдана УТЕМИСОВА,**
**Ұлытау облысы Әділет департаменті әкімшілік-құқықтық бөлімінің бас маманы.**

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Жақында «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Сәтбаев филиалы ардагерлер кеңесінің мүшелері С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясының оқушыларымен кездесті. Оған Сәтбаев қаласы жастар ресурстық орталығы ұйытқы болды.

# ОҚУШЫЛАРМЕН ОЙ БӨЛІСТІ



8-сынып оқушыларымен болған кездесуге қос ардагеріміз – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, Сәтбаев қаласының құрметті азаматы Я.Асатов пен «Еңбек ардагері» төс белгісінің иегері, шахта саласында 45 жыл еңбек өтілі бар И.Байбатыров ақсақалдар қатысты.

Кездесуді жастар ресурстық орталығының маманы А.Ібіраш ашып, Сәтбаев қалалық жастар ресурстық орталығы аз ғана уақыт ішінде мектептерде, колледждерде бірнеше кездесулер өткізгендерін, кездесудің мақсаты жастарды патриоттық тәрбиеге баулу және «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасын түсіндіру екенін атап өтті.

Кездесуде қос ардагеріміз патриотизм, Отанды сүю, елге, жерге адал болу, ұлттық мәдениет пен тарихымызды білу, оны құрметтеу жайлы ақыл-кеңестерін айтты. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, ата-әжелерінің өнегелі өмірін үлгі ете білуге шақырды. «Халқының қамы үшін күрескен «Алаш» ардагерлерінің өмір жолдары ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болып келеді. Батысқа еліктеп, ғасырлар бойы ата-бабаларымыз салған сара жолдан ауытқып кетпеулерің керек», деп түйіндеді сөздерін.

Кездесуді А.Ібіраш қортындылап, қос ардагерге және мектеп ұжымына арнап «Сарыарқа – бірлік пен келісім мекені» атты үш кітап сыйға тартты. Соңында Я.Асатов ақсақал жас жеткіншектерге бата берді.

**Ж.ТҰРСЫНБАЕВ,**
**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесінің» мүшесі.**

ДІН ЖӘНЕ БІЗ

# БАЛАНЫ ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМНАН ҚАЛАЙ САҚТАУҒА БОЛАДЫ!?

Қоғамға дендей енген әлеуметтік желінің пайдасымен қоса, зияны да бар. Ислам діні атын жамылып деструктивті діни ағымдардың жақтастары ғаламтор арқылы да жастарымыздың санасын улап, қоғамымызға іріткі салып бағуда. Мысалы, деструктивті діни ағымның жетегінде кеткендердің 88% пайызына осы әлеуметтік желі әсер еткені белгілі.

Әлем бойынша ұйымдарға қосылушылардың 80%-дан астамы ғаламтор арқылы арбалғандар. Деструктивті діни ағымдардың жастарды арбау әрекеттері осы ғаламтор ресурстары арқылы, соның ішінде әлеуметтік желілерде жүзеге асырылуда. Деструктивті діни ағымды ұстанушылардың басым көпшілігін жастар құрайды. Олар діни ағымдарға рухани азық іздеп кіріп жатқаны да қаперден шықпауы керек. Радикалдардың негізгі нысанасы әлеуметтік жағдайы мен дүниеге деген көзқарасы толық қалыптаспаған жастар болып табылады және діни сауаты жоқ, жұмыссыз жастарды еліктіріп, қатарына тартады.

Интернет кеңістігін өз мақсаттарына тиімді пайдаланған өзге ағымдар өздерінің идеологиясын белсенді түрде насихаттауға, жаңа мүшелерді өз қатарларына тартуға, жақтастарын теориялық және практикалық тұрғыдан оқытуға және өздеріне қарсы шыққан желі қолданушыларына қарсы ақпараттық күрес жүргізуге, жалған ұрандары мен дінді бұрмалап, жастарға ықпал етудің түрлі жолдарын жасап бағуда. Деструктивті діни ағымға ерушілердің діни сенімі мен ұстанымдары біздің қоғам мен мемлекетке қарсы және агрессиялық сипатта екені белгілі. Адам бойында қалыптасқан көзқарастық агрессия түбінде іс-қимылға айналуы әбден мүмкін екені анық. Бұған еліміздің бірнеше аймағында орын алған террорлық оқиғалар дәлел.

«Facebook», «Вконтакте», «Tapatalk», «Одноклассники», «Instagram», «Telegram», «Tik-tok» әлеуметтік желілерін жастар арасында кең қолданысқа ие. Экстремистер осы әлеуметтік желілерде күндіз-түні жастарды аңдып, олардың өмірлік көзқарастары мен дүниетанымдарын зерттеп, өз айла-тәсілдерімен саналарын сан түрлі жолмен арбауға тырысып бағады. Деструктивті діни ағым өкілдері жасөспірімдердің назарын аудару мақсатында түрлі форматта контент жасауда. Әсіресе, жасөспірімдер арасында танымал болған «Tik-tok» әлеуметтік желісінде өз насихаттарын жүргізуде.

Деструктивті діни ағымның өкілдері, яғни миссионерлер өз нанымдарын таратуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Мәселен, заң аясында тіркеліп, жария жұмыс атқарған сияқты көрінгенімен, көп шаруасын астарлы түрде істейді. Заман талабына сай QR-код арқылы өз жақтастарының қатарын арттыруда. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, білімсіздік, теріс ақпарат – жастардың радикалдық ағымдарға өтіп кетуіне себепші болады. Сондықтан, құқық қорғау органдарының мамандары көшеде тегін таратылатын материалдарды алмауға кеңес береді. Діни әдебиет сатуға рұқсат беретін арнайы лицензиясы жоқ сауда орындарында сатылатын кітаптарды (сараптамадан өтпеген) алмаған жөн. Елімізде күмәнді бағыттағы діни ақпараттарды тарататын сайттарға әрдайым талдау жасалып, бұғаттау жұмыстары да жасалып отырады. Ұлттық құндылықтарды насихаттау, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарымызды ұлықтау арқылы жастарды теріс ағымдардан құтқарып қалудың жолындағы бір тәсілі. Ел бірлігі мен мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіретін діни ағымдардың жетегіне кетіп қалмау шараларына баршамыз атсалысуымыз қажет.

**Досбол ШАХМУРАТ,**
**жастар ресурстық орталығының маманы.**



КУЛЬТУРА

# ИЗЮМИНКА ПО-САТПАЕВСКИ

Танцевальные вечера для старшего поколения в сопровождении духового оркестра – это сатпаевская традиция, которой уже много лет. Вот и в прошедшее воскресенье в ДК им.Ш.Дильдебаева прошел танцевальный вечер, организованный духовым оркестром «Купрум» с участием жезказганских бардов Мейрамкена Ахметбекова и Александра Белова.





Два раза в месяц оркестр устраивает в ДК вечера для любителей духовой музыки. Оркестранты радовали гостей исполнением любимых мелодий из кинофильмов, популярных эстрадных и джазовых композиций. Ветераны танцевали с большим удовольствием. Здесь для них не просто танцы в старом стиле: вальсы, фокстроты и «Летка-Енька», здесь царит радость. Настроение у всех отличное. Кто не может или стесняется танцевать, наслаждается музыкой.

– Хожу сюда, чтобы косточки свои размять. Раньше, летом, они на улице играли. Собирались, танцевали. А то, что в ДК зимой они играют мне девчата (так Михаил обращается к своим сверстницам) сказали. Плохо, что здесь одни старики. Вот если бы и молодежь участвовала в этом, было бы хорошо. Вот как-то не приучена она. А так отлично все, встретишь своих знакомых, потанцуешь, развлечешься.

**– Если не секрет, сколько вам лет?**

–33, – смеется Михаил. – 79 лет.

Михаил работал на 57-й шахте, потом на Анненской.

– Лет пять оркестр играет на улице. Раньше не сталкивался с ним. Работал на шахте, в забое на экскаваторе. Танцевать некогда было: дача, хозяйство, дети. А сейчас убегаю от внука сюда. Внуков много. И здесь есть, и в Аркалыке, и в Сергиевом Посаде. Здесь у меня есть знакомые. Вот Сара танцует, недалеко от меня живет. Там Валя танцует, тоже в шахте работала. И эти девчата всегда приходят, – показывает на женщин, сидящих неподалеку. А вот одна из них сегодня сачкует.

Гульсум Исхаковна не пропустила сегодня ни один танец. На танцы женщина ходит недавно, хотя об оркестре знает давно. На улице летом, когда играли музыканты, могла и потанцевать.

– Рядом живу, приходила танцевала. Иногда стеснялась – уходила. А сейчас помимо этих танцев хожу в ДК по понедельникам и средам в танцевальный кружок, которым руководит хореограф «Маюри» Бахыт Уалиева. Люблю танцевать. Это общение и здоровье.

**– А дети и внуки как к этому относятся?**

– Дети в Астане живут. Никого не слушаю. Дома дедушка как раз сидит. А я не люблю дома сидеть. Еще и скандинавской ходьбой занимаюсь. Беру лыжные палки и хожу по городу. Также в бассейн хожу.

**– А дедушка не ревнует?**

– Нет. Это ведь здоровье в первую очередь. Если дома буду сидеть, то заболею.

В свое время Гульсум Исхаковна работала в Руднике, в химлаборатории. 8 марта у нее двойной праздник: Международный женский день и день рождения. Сара Исхаковна отметит 71 год.

– Вот если дома лежала, никуда не ходила, то выглядела бы старше своих лет. Есть болячки. Но когда приходишь сюда, общаешься, танцуешь, слушаешь музыку и напрочь забываешь о них и о возрасте. Ой, а сегодня у нас прямо настоящий концерт и оркестр и певцы...

В концерте помимо оркестра, как заметила Гульсум Исхаковна, выступили барды Александр Беляев и Мейрамкен Ахметбеков, а также приняли участие Курмет Базаров, Андрей Бондарев и молодой талант Даниил Сусляков.

– Мы были на одном мероприятии, которое проходило в библиотеке – «Вечер памяти Владимира Высоцкого» и руководитель оркестра Инна Кацарская пригласила Сашу. А он сказал: «Мейрам, надо ехать». Вот так мы оказались здесь, – говорит Мейрамкен Ахметбеков. – В Жезказгане у нас духового оркестра нет. Был когда-то, очень давно. Но его не сохранили. А здесь, благодаря в свое время Канату Султановичу Балмагамбетову, оркестр живет. Это здорово. Я впервые на таком вечере. Мне нравится.

Александр и Мейрамкен не только исполнили песни под гитару, но и потанцевать успели, уступив микрофон Даниилу Суслякову. Парень немного вогнал в ступор слушателей, исполнив песни и музыку, которую слушает нынешняя молодежь.

**– Даниил, а тебя-то как сюда занесло?**

– Андрей Бондарев сказал про вечер. Решил почему бы не сходить, не выступить. Первый раз такое вижу. Довольно интересно.

**– Как ты думаешь, твоя музыка интересна для пожилых?**

– Думаю, что у каждого человека свой вкус и кто-то найдет в этом изюминку.

Этот воскресный танцевальный вечер пожилые запомнят надолго. Во-первых, музыкальные композиции и артисты исполняли «вживую», во-вторых, бесплатный вход, что доступно абсолютно каждому человеку. В-третьих, получился самый настоящий экспромт-концерт к 8 Марта.

– Сама не ожидала, что сегодня столько желающих выступить будет. Рекламу дали, что приедут барды с Жезказгана. А тут и молодежь подтянулась. Будем привлекать, – поделилась Инна Кацарская.

По окончании вечера гости благодарили ребят из оркестра и всех музыкантов за замечательный вечер.

В ТЕМУ

# МУЗЫКАНТЫ, НО НЕ «БРЕМЕНСКИЕ»



Летом, возвращаясь домой с работы, частенько видела уличного музыканта. Идешь так себе погруженная в свои мысли, обыденность, а тут музыка и словно улица изменилась, стала яркой, раскрашенной. И сразу поднимается настроение, уходят куда-то на задний план все мысли о работе и о том, что впереди тебя ждет «вторая смена». Кто-то, завидев музыканта, останавливается послушать, а если есть деньги, то и бросит в раскрытый футляр. Уличная музыка – это один из немногих городских шумов, который привлекает. Ведь зрители чувствуют искренность музыканта, которая отличается от того, когда он отрабатывает программу.



Даниил Сусляков называет себя уличным музыкантом. Летом его можно было увидеть возле ТД «Орда», «Универсам», где он под гитару исполнял песни и музыкальные композиции. Он студент ЖПТК. Ему 18 лет. Выступает на протяжении пяти лет в городе.

– Поначалу было тяжело, особенно первые три года. Некоторые люди говорят, что есть работа получше. Я в то время работал монтажником в фирме «Билайн», «Коннекте». Потом пошел в МРЦ, где занимался волонтерством, без зарплаты. И подрабатывал музыкой. А потом со временем это стало не просто хобби. Сейчас на первом месте только музыка.

Также выступаю в ресторанах. Часто езжу в Алматы и выступаю там на Арбате.

**– Алматы, Арбат понимаю. А как наши сатпаевцы относятся к твоим выступлениям?**

– Нормально. Я не боялся. Мне было радостно. Понял, что могу это делать. В первый раз вышел играть, когда ничего не умел, знал три аккорда и три песни. Было нормально. Мой первый заработок – это 56 тысяч за банкет. Потом понял, что не всегда так можно и решил покорять улицы города. Это лучше, уличная музыка она другая, больше эмоций. Я со своей девушкой познакомился благодаря музыке, принес в колледж гитару и покорил ее сердце.

**– А у нас кроме тебя есть уличные музыканты?**

– Это мой друг, который всегда со мной, Андрей Бондарев. Нас 3-4 человека, но именно уличные – я и Андрей.

***

Студенту Жезказганского медицинского колледжа Жанияру Жакупову 17 лет. Он будущий фельдшер. Играет на гитаре на протяжении трех лет.

– Играю в основном рок, немного рэп. Из рока в основе репертуар российской панк-группы из города Дубна «Порнофильмы». (Коллектив выделяется сильно политизированными текстами песен, а также пропагандой здорового образа жизни, все участники группы вегетарианцы, не употребляют алкоголь, наркотики и не курят. **Авт.**)

**– Как пришел к музыке?**

– Это было спонтанное решение. Друг принес гитару. Мне понравилось, начал играть.

**– Ты играешь на улице?**

– Да.

**– И как? Есть поклонники?**

– По крайней мере немного узнают.

**– В смысле? Когда идешь по улице узнают?**

– Да.

**– Что для тебя главнее: медицина или музыка? Кем ты себя видишь?**

– По большей части я себя вижу в медицине. После окончания колледжа думаю поступать выше. Но музыка для меня – это хобби, в которую тоже хочу вложиться.

**– Выбрал конкретно специальность?**

– До сих пор выбираю между травматологией и хирургией.

**– Вряд ли ты потом сюда вернешься?**

– Ну почему же?!

Сегодня Жанияр не стал выступать. Он был в группе поддержки Даниила.

– Для того, чтобы выступать, должен быть настрой. Музыка желает настроения. Как гитару настраивают, так и человек должен быть настроен.

**– Может тебя публика не устраивает?**

– Нет. На счет публики я особо не парюсь. Естественно для нее подбираю музыку. Но сегодня как-то не подготовлен выступать.

**– Что ж, желаю будущему светиле медицины удачи и музыку не забывать. Надеюсь, что будешь лечить своих пациентов не только руками и скальпелем, но и музыкой.**

?

# «ДОБРЫЙ СИМВОЛ – СНЕГОВИК ВО ДВОРЕ МОЕМ ВОЗНИК»

На календаре начало марта, но зима не сдается. В воскресенье выпал снег. И от его белизны слепило в глазах. Зато детворе было радостно. Высыпав во двор, они дружно принялись лепить огромного красавца снеговика.



Детям помогали старшие: Лейла, мама двух малышей, помогала украсить снеговика, бабушка-соседка дала морковь для носа, а мужчины установили голову. Девочки сказали, что на лепку потратили три часа.

– Правда первую голову у нас украли, с другого двора пришли и утащили, – непонятно, то ли пожаловались, то ли радостно сообщили девочки. Видимо знатная голова получилась, раз ее украли. – Пришлось лепить новую.

Зато получился настоящий красавец: один глаз синий, другой – голубой.

– Снег сегодня хороший, почему бы не полепить. Да и дети с пользой время провели на улице, – говорит Лейла.

Да, двор этот с историей. Здесь когда-то дядя Миша Халиков руководил дворовым клубом «Мечта». Летом мальчишки гоняли в футбол. Зимой в хоккей. Здесь проходили настоящие хоккейные баталии среди ветеранов хоккея и дворовых команд. Устраивали на открытии и закрытии концертную программу, вручали призы, кубки и грамоты. Мальчишки тогда с большой гордостью говорили: «Играю в хоккей на Мечте у дяди Миши». А потом корт опустел. Редко можно было увидеть летом пацанов, гоняющих мяч. А зимой так вообще пусто. Вот только этой зимой, накануне Нового года, корпорация «Казахмыс» залила корт, установила елку посреди и вроде как все ожило здесь.

– Зимой во дворе у нас был залит корт, дети катались на коньках. Те, кто хоккеем занимается, здесь катались, играли. Но редко. С других дворов бывало приходили, – говорит Лейла.

И вот сегодня малышня устроила во дворе игры, чем, наверное, удивили прохожих. Ведь сейчас это такая редкость увидеть детей, лепящих снеговиков и излучающих радость. Уличные игры давно заменены на сотки. Но в этом случае сотка пригодилась. Лейла построила ребятню возле снеговика и сделала фото, чем и я воспользовалась. А потом ещё каждому ребенку скинула на память.

**P.S.** В понедельник утром специально пошла короткой дорогой, чтобы еще раз полюбоваться снеговиком-красавцем. Однако от него остались только веточки.
– Сломали. Даже два часа не простоял, – сказала Лейла.
Вот так и в жизни: одни строят, другие – ломают... Но зато у детей останутся в памяти зимняя забава и совместная фотография.

ВЫ СПРАШИВАЛИ?

В редакцию газеты обратились читатели с вопросами, касающимися развития предпринимательства, а именно производства местной продукции.

# КОЛБАСА ЕСТЬ, ОГУРЦОВ НЕТ

«В городе действовал колбасный цех «Устай». Продукция пользовалась спросом, была качественной. Также в продаже были местные тепличные огурцы по доступной цене для тех же пенсионеров. Огурцы можно было приобрести в магазине «Галия-Бану». К тому же, покупая сатпаевское, мы поддерживаем местных производителей и, соответственно, стимулируем экономику города и региона, давая возможность нашим предпринимателям-производителям развиваться. Однако ни колбасы «Устай», ни огурцов давно уже нет в продаже. Куда и почему исчезли колбаса «Устай» и тепличные огурцы? Что стало с колбасным цехом и теплицей?»

За ответом мы обратились в ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства г.Сатпаев».

«Колбасный цех «Устай» свою деятельность не приостанавливал, цех рабртает в штатном режиме. Производимая продукция реализуется в торговых объектах города Сатпаев по поступающим заявкам (супермаркеты «Самади», «Акцент», магазин «Жибек» и др.).

В 2021 году ИП «Омаров» организовал тепличное хозяйство по выращиванию овощей. В 2022 году по собственной инициативе ИП «Омаров» переоборудовал теплицу в складские помещения для хранения продуктов питания. В связи с этим на сегодняшний день ИП «Омаров» не занимается выращиванием овощей», – говорится в письме.

**Полосу подготовила Нурия ИЛЬЯСОВА. Фото автора.**

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...


«Шарайна» газетінің дөңгелек үстелі

Енді азғана күннен кейін ұлттық мерекеміз һәм ұлық мерекеміз әз Наурыз келеді. «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» дескен ел арқа-жарқа көрісіп, «Мал-жан аманбасын» айтып, амандық-саулық сұрасып жатады. Бейтаныс жанды жолықтырса «Қай туған боласың, руың кім?» деп жөн сұрасады. Сондайда серігің «Осы ру сұрағанды қойыңдаршы! Жек көретін нәрсем. Қазақ екенімді көріп тұрсың, болды емес пе?!» деп тоң-теріс мінез танытып жатса жер боларыңыз да сөзсіз. Ал ондайды айтатын жандар арамызда жоқ дей алмаймын.
Жә, көпке топырақ шашып отырғаным жоқ. Бірақ, мұндай жағдайлар өмірде орын алып жатқандықтан айтылып отырған әңгіме бұл. Бүгін осы тақырыпты өзімізше тарқатып, ру сұраудың оң-терісі жайлы ой бөліскенді жөн көріп отырмыз.

# РУ СҰРАСУ БӨЛІНУДІҢ БЕЛГІСІ МЕ,
## немесе ата-тегіңді білгеннің несі айып?

Сонымен, «Шарайна» газеті «Айтайын дегенім...» деп алып ортақ тақырып жайлы орамды ой, пайымды пікір айтады деген қаламыздың бірқатар азаматтарын дөңгелек үстелге шақырған еді. Ендеше арасында жасы да, жасамышы да бар сол қауымға сөз кезегін берсек.
Әуелі дөңгелек үстелдің қонақтарымен таныстырып өтейін. Қаламыздағы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Өтеш Ахметов, кенші, еңбек ардагері, газетіміздің белсенді тілшісі Жәми Тұрсынбаев, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қанат Төлеш және әріптесіміз, белгілі тележурналист Алтынгүл Төлегенова «Ру сұрасу бөлініудің белгісі ме, немесе ата-тегіңді білгеннің несі айып?» деген тақырып төңірегінде ой-пікірлерімен бөлісуге келіп отыр. Қош келдіңіздер.

### Ру сұраудың айыбы жоқ

Ал, енді пікір алмасуымызды бастамас бұрын назарларыңызға мына бір әңгімені ұсынғанды жөн көріп отырмын. «ЕлАна кз.» сайтынан алып едім. Авторы – Ерлан Алтай деген азамат. Ертеректе жазылыпты. Әңгіменің ұзын-ырғасы былай: «Өткенде мынадай бір қызық жағдай болды. Әдеттегідей жұмыста отыр едік, жылмиып бір жап-жас жігіт келді. Жөн сұрастық, Орталық Қазақстан өңірінің тумасы екен. Ойымызда ештеңе жоқ, «бауырым, қай рудан боласың?» дедік. Ана бала тыжырынды. Біз бейбақтың бетіне аса бір жақтырмай қарады. Дүңк еткізіп, «Қазақпын» деді. Отырған жұрт біртүрлі боп қалдық. Біз де қитығып, «қазақ екеніңді біліп отырмыз, ру-тегіңді білмегеніңе қарағанда, кірме болдың ғой, шырағым». Бала ақиланды. «Қазақпын дедім ғой, болды емес пе, несіне қазбалайсыз, осы бір рушылдықты жаным сүймейді!» десін.

Ақыры үндемедік. Ішімізден қазаққа кірме қалмақ немесе татар-ноғайдың бірі шығар дедік те қойдық. Мына оқиғадан кейін қатты ойланып қалдық. Әлде ру сұрау ұят па? Жас баланың қылығы көпке дейін ойымыздан кетпей жүрді. Сөйтіп жүргенде жазушы Мұхтар Мағауинның мына бір сөзін оқып қалдық. Ол кісі былай депті: «Алдыма танымайтын бір адам келсе оның руын, туған жерін сұраймын. Себебі, ол адамның ата-тегін, түп-тұқиянын, жұртын білмесем, қалай әңгімелесе алам» депті. Хош сонымен.

Бірде көрнекті ақын Қадыр Мырзалиев Қостанайға барыпты. Күнтимес деген ауылға атбасын бұрады. Себебі, бұл – Шоқан Уәлихановтың туған жері. Содан бір шалдар келеді. Қадырдан «Қай елдің азаматысың» деп сұрайды. Қадағаң:

– Батыстың Байбақтысымын, – дейді. Шалдар жамырап жүре береді.

– Ой, құда екенсіз, үйге жүр мал соямыз? Қадағаң аң-таң. «Мен сіздерге қалай құда болам?» десе, шалдар:

– Жастар білмейді ғой, атақты Сырым батырдың әпкесі ертеде (1743-45 жылдары) біз жаққа келін болып келді емес пе, сен құда болмай кім боласың, бабалар «құда мың жылдық» деп бекер айтты дейсің бе, қарағым! – депті. («Жалын» журналы. 2007 ж. №4)».

Одан әрі автор әлгі азаматтың неге ру сұраудан қашқақтайтынының себебі мен салдарын талқылап, оған кешегі патшалық, одан кейінгі кеңестік Ресейдегі идеологияның отарлау саясаты кінәлі екенін айтады. Ал біз осы ру сұраудың оңы мен солын өзімізше пайымдап, өзімізше талдап көрсек. Онда іске сәт. Алла ауыздарыңызға аталы сөз салсын.

**– Өтеш аға, қашаннан үлкенді сыйлаған, үлкенді тыңдаған елміз ғой. Әңгімені сізден бастасақ. Қалай ойлайсыз, ру сұрасу соншалықты ұят нәрсе ме?**

– Қайырлы күн. Келелі басқосуда кездескеніме қуаныштымын. Ал, енді бүгінгі тақырыпқа келсек, үлкен мәселені көтеріп отырсыңдар. Руын білгеннің несі айып? Бірақ руын білуді рушылдықпен шатастырмаған жөн. Жалпы бұл мәселе жөнінде ғылыми түрде дәлелденген тұжырым жоқ қой басшылыққа алатын. Әркім өз ойын білдіреді, болжамын айтады.

**– Жәке, бұл жайында сіздің ойыңызды білсек. Ру сұрау ұят па?**

– Ассалаумағалейкум. Айтайын дегенім, ру сұрасу ата тегіңді жақсы білгеніңді білдіреді. Ата тегіңді білу бір жағы мақтаныш, екінші жағынан ұлтжандылығыңды көрсетеді. Ал, руға бөліну – індет. Руға бөлініп, бір-бірін кемсіту, төмен санау дұрыс емес. Біреулер рудың қажеті қанша қазақсың ба, сол да жеткілікті дейді. Міне, нағыз сорақылық осы.

**– Жөн екен. Ал енді әңгімеге Қанат Жанділдаұлын тартсақ. Ол кісі не айтар екен?**

– Ассалаумағалейкум игі-жақсылар. Менің айтайын дегенім, ру – бір адамнан тараған туыстас адамдардың жиынтығы. Бұрындары әр рудың өз ұраны мен таңбасы болған. Руды ақсақал басқарған. Қазақта «Жеті ата» ұғымы да румен тікелей байланысты. Дәстүр бойынша әр адам өзінің жеті атасын білуі керек. Бұл қыз алысып, қыз берiскенде де үлкен рөлге ие болған. Қай заманда болмасын жаңадан танысып, жөн сұрасқан адамдар бір-бірінен руын сұрайды. Осылайша өзінің жақынын, немесе аға-жиенін де тауып жатады. «Атасы алыс болса да, жамиғи қазақ бір туған» деп Базар жырау айтып кеткен. Ру сөзі «ата» деген мағынаны білдірген. Адам атадан бастап істеген жақсылығы мен келер ұрпаққа үлгі боларлық азаматтарды ру деп атаған. Демек «Руың кім?» деп сұрағанда үлгі етерлік, тау тұлғалы ең Ұлы атаңның есімі қалай дегені. Ендеше «ру сұрауды ұят» деу үлкен қателік.










**– Жақсы айттыңыз. Жастар өкілінің бұл орайдағы ойы қандай екен? Алтынгүл қарындасымызды тыңдасақ.**

– Армысыздар ағалар. Айтайын дегенім, ру сұрасудың еш әбестігі жоқ, керісінше, ата-текті білісіп отырған ұрпағымыздың бірін-бірі танып-білуіне бағыт-бағдар беруіне көп пайдасын тигізбек.

### Текті білу – елді бөлу емес, біріктіру

Ру шежіресін білу – сахара төсінде көшіп-қонған қазақтар үшін өмірлік қажеттілік. Қазақ халқының ру-тайпалық, жүздік-қауымдастық біртұтас бітімі ғасырлар бойы «бүкіл қазақ – бір атаның ұрпағы, бір тамырдың бұтағы» деген ұстаным бойынша өсіп-өркендеп отырған.

Әлгінде Қанат Жанділдаұлы айтып өткендей, Базар жырау сонау бағзы заманда-ақ «Атасы алыс болғанмен жамиғи қазақ бір туған» деп тайға таңба басқандай етіп айтып кеткен. Алайда, бүгінгі таңда Дарвин ілімінен «мұздай қаруланған» кейбір азаматтарымыз руын (атасын) білуді, оны айтуды мақтану және Руға бөліну деп, оның пайдасынан зияны көп деп есептейтіндерін кездестіріп жүрген болармыз. Енді осыны бір қаузап тастасақ.

**– Өтеш аға, жоғарыда айтып өткенімдей, кейбір адамдар «онсыз да аз қазақ ру сұрасып, бөлініп жатады, мұның қажеті не?» дегенді айтады. Сіздің ойыңыз қандай?**

– Мен кейде ойлаймын, руын білу о баста бөліну үшін емес, бірігу үшін қажет болған шығар деп. Сол арқылы адамдар бір-біріне жақындады, қорғады. Руымызды білмесек, бір-бірімізбен кейбір жақындығымызды қалай білеміз? Туыс, ағайын, нағашы жұрт, қайын жұрт, жезде, күйеу деген ұғымдарды қайда қоямыз? Оның барлығы біздің қазаққа ғана тән дүниелер. Сол арқылы бұрын көп біле қоймайтын кісілермен жақындасып кетесің, сол арқылы айтылған әдемі әзілдер сыйластыққа, кейін үлкен достыққа жалғасып кетіп жатады. Жеті атаңды білу, жеті атаға жетпей, болмаса жақыныңмен некелеспеу деген бар. Ал мұны ғылым да дәлелдеп отыр. Осының бәрі үшін руын білу қажет шығар.

**– Алтынгүл, Сіздің пікіріңіз?**

– Менің ойымша, ру сұрасып бөлініп жатыр деген пікір дұрыс емес. Өз руыңды білу арқылы, өзгенің өзіне жақын немесе алыс екенін білесің. Ру сұрасу керек, алайда қазақ екенімізді ескерсек, әркім өз руын айтып бір-бірімен қырғиқабақ болмауы керек. Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін деген ұранды ұмытпаған абзал.

**– Жәке, Сіз не дейсіз?**

– Мен ру сұрасу бөлінудің белгісі деп айтпас едім. Қарт кісілер жол-жөнекей болсын, сәлем бере қалсаң әуелі рахметін айтып, сосын қай баласың деп руыңды сұрайды. Сұрай-сұрай қарын бөлініп шықты дегендей, құда-жекжат болып шыға келесің.

Менен де талай сұраған шалдар, «Арғынмын оның ішінде Қаржаспын деймін», білетіндер «Оу, академик Сәтбаевтың туысы екенсің ғой» деп жатады. Ия, 3 ата ғана арамыз деймін.

«Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер» деген атам қазақ. Қазіргі жастарға айтарым, руын сұрағанның еш айыбы жоқ. Бір рудың бір-біріне үйленуі генетикалық ауруларға алып келеді. Ертеректе бір ауылда екі жас көңіл қосып, үйленбекші болады. Мұны білген үлкен кісілер оларға жеті атадан жақын екенін айтып тыйым салады. Олар тыңдамай қосылады, кішкентайлы болады, өкінішке орай, бала 3,4 жасқа келгенде келіншек бір түрлі ауруларға шалдығып, ем қонбай қайтыс болады. Кім біледі, үлкендердің сөзін аттап өтуі де себеп болған болар.

